Оқытушы: ____________ Зұлхайдарқызы Н.

Бөлім бастығы: ____________ Орынбекова Д. О.

**<u>Сабақ жоспары</u>**

**Ұйым: Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы**

**Сабақ тақырыбы: ЖАҢА ӘЛІПБИ НЕГІЗІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ЕМЛЕСІНІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ** (*ПРАВИЛА ПРАВОПИСАНИЯ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА НА ОСНОВЕ НОВОГО АЛФАВИТА*)

**Латын графикасына негізделген қазақ тілі**
**ӘЛІПБИІ**

| № | Жазылуы | Дыбысталуы | № | Жазылуы | Дыбысталуы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | A a | [а] | 17 | Ń ń | [ң] |
| 2 | Á á | [ә] | 18 | O o | [о] |
| 3 | B b | [б] | 19 | Ó ó | [ө] |
| 4 | D d | [д] | 20 | P p | [п] |
| 5 | E e | [е] | 21 | Q q | [қ] |
| 6 | F f | [ф] | 22 | R r | [р] |
| 7 | G g | [г] | 23 | S s | [с] |
| 8 | Ǵ ǵ | [ғ] | 24 | T t | [т] |
| 9 | H h | [х], [h] | 25 | U u | [ұ] |
| 10 | I i | [і] | 26 | Ú ú | [ү] |
| 11 | I ı | [и], [й] | 27 | V v | [в] |
| 12 | J j | [ж] | 28 | Y y | [ы] |
| 13 | K k | [к] | 29 | Ý ý | [у] |
| 14 | L l | [л] | 30 | Z z | [з] |
| 15 | M m | [м] | 31 | Sh sh | [ш] |
| 16 | N n | [н] | 32 | Ch ch | [ч] |

**I тарау ӘРІПТЕР ЕМЛЕСІ** (*Глава I Правописание букв*)

Дауысты дыбыс әріптерінің емлесі Дауысты дыбыстарды таңбалайтын әріптер (*Написание гласных звуковых букв. Буквы, которые обозначают гласные звуки*) :

**<u>a, á, o, ó, y, i, u, ú, e. (а, ә, о, ө, ы, і, ұ, ү, у, е)</u>**

§1. **a, e, y, i** (а, е, ы, і) әріптері сөздердің барлық буынында жазылады (***буквы а, е, у, I (а, е, ы, I) пишутся во всех слогах слов*** ): *ana, baqyt, shaǵala, balapan, bota, bolashaq; elik, egemendik, elgezek, qurmet, kórkem; yqpal, yrys, mysal, jańǵyrý, baqsy, jaqsy; irgeli, irimshik, bilim, izgilik, кishipeıil, senim.*

§2. **á, o, ó, u, ú** (ә, о, ө, ұ, ү) әріптері төл сөздің басында жазылады (***буквы а, о, о, u, ú (ә, о, ө, ұ, ү) пишутся в начале слова***): *ádis, álem, sán, dán, mádenıet, báıterek; oqyq, ońtaıly, qoǵam, torsyq; óris, ómirsheń, kósem, bórik; utymdy, ustaz,*

*qujat, tumar, úrdis, úkimet, júıe, túbegeılі.* Кірме, шеттілдік сөздердің екінші, үшінші буынында да жазылады: *sirá, kiná, kýá, ińkár, kúmán, shúbá, zámzám, dúdámal; bulbul, maǵlumat, samuryq, májbúr, dúldúl, dástúr, manóvr, montór, parashút, absalút, festıvál, kobált, banknot, alkogól, vestıbúl.* j, sh мен ı әріптерінің ортасында келген а дыбысы жіңішке айтылғанымен, а әрпі жазылады: *jaı, jaılaý, jaıly, shaı, shaılyq.* Дауыссыз дыбыс әріптерінің емлесі Дауыссыз дыбыстарды таңбалайтын әріптер:

**b, d, f, g, ǵ, h, ı, j, k, l, m, n, ń, p, q, r, s, t, v, ý, z, sh, ch.**

§3. **b, g, d, f, h, j, к, l, m, n, p, q, r, s, t, v, z, sh, ch және ı, ý** (§6-ны қараңыз) әріптері сөздің басында, ортасында, аяғында жазылады (***буквы b, g, d, f, h, j, k, l, m, n, p, q, r, s, t, v, z, sh, ch, I (см.§6) пишутся в начале, середине, конце слова***): *baılyq, kóbelek, arab; gúl, kógal, pedagog; dáýlet, baǵdar, asteroıd; fılosofıa, múftı, paragraf; hıkaıa, qahar, tarıh; jospar, ereje, muqtaj; kúmis, shekpen, berik; lebiz, alash, táýekel; máńgilik, qaımaq, ǵalym; namys, kóne, dastarqan; parasat, kópir, talap; qurmet, maqtanysh, bolashaq; ras, ertegi, ómir; saıasat, kelisim, aıtys; tabıǵat, qatal, sáýlet; vırýs, avtor, rezerv; zerde, bilezik, qundyz; shańyraq, búrshik, qylysh; chempıon, kaýchýk, senvıch; ıá, qaıyń, saı; ýaqyt, áleýmet, taý.* ***Ashshy, tushshy, keshshe*** сөздерінде екі sh әрпі қатар жазылады.

§4. **ǵ** әрпі сөз басы мен ортасында ғана жазылады (**буква ǵ пишется только в голове и середине слова**): ǵarysh, aǵash, samǵa.

§5. **ń** әрпі сөз ортасы мен соңында ғана жазылады (буква **ń** пишется только в середине и в конце слова): mórtańba, eńbek, tańerteń, meń, zań. ı, ý әріптерінің емлесі

**Тапсырмалар:**

**1-тапсырма. Латын графикасында жазыңыз.**

1) Бәйтерек –
2) Овық –
3) Қоғам –
4) Маневр –
5) Фестиваль –
6) Абсолют –
7) Чемпион –
8) Ащы –
9) Хикая –
10) Шаңырақ –

**2-тапсырма. Қатесін табыңыз. Дұрысын жазыңыз.**

*jańǵurý, daýlet, qyrmet, saıacat, uaqyt, áleymet*

**3- тапсырма. Диктант. Берілген мәтінді латын графикасында жазамыз.**

**Жетінші қара сөз**

*Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі - ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар - тәннің құмары, Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі - білсем екен деп туады. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып тұрады. Мұның бәрі - жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген...*

Ребенок рождается на свет, наследуя два начала. Первое из них требует еды, питья и сна. Это — потребность плоти, не будет расти и крепнуть. Другое — тяга к познаниям. Младенец тянется к ярким вещам, берет их в рот, пробует на вкус. Это уже потребность души, желание все видеть, все слышать, всему учиться...

**Үйге тапсырма:** Әр қатысушы өз бөлімшесінде күнделікті қолданып жүрген 10 термин сөзді латын графикасында жазып келу.

Оқытушы: ____________ Зұлхайдарқызы Н.

Бөлім бастығы: ____________ Орынбекова Д. О.

**Сабақ жоспары**

**Ұйым: Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы**

**Сабақ тақырыбы: ӘРІПТЕР ЕМЛЕСІ** (*Глава I Правописание букв*)

§6. **ı, ý** әріптері дауыссыз дыбыс ретінде таңбаланады: *aı, úı, oıshyl, ıaǵnı, qoıan, saıa, ıod, faıl, aıkıdo, mezozoı, ýaǵyz, ýaqyt, aý, sáýkele, demeýshi, qaýyn, aıýan, keıýana.*

§7. **yı (ый), ıı (ій)** дыбыс тіркестері сөздің барлық буынында ı әрпімен жазылады: ıgilik, ıman; kıim, tıyn, sıa, sıaqty; bı, tarıhı; ınstıtýt, kıno, granıt.

**Е с к е р т у. Қосар yı (ый) әріптері тек syı (сый), tyı (тый) түбірлерінен жасалған сөздерде жазылады: syılyq, syıymdylyq, syıý; tyıym, tyıylý, tyıý. ıy, ıı әріп тіркестеріне аяқталған етістікке көсемшенің ı (-й) жұрнағы жалғанғанда, екі ı әрпі қатар жазылады: baıy - baııdy, keıı - keııdi.**

§8. **ýy (уы), ýi (үі)** дыбыс тіркестері сөздің барлық буынында ý әрпімен жазылады: ýyldyryq, ýyz, ýildeý; týys, qýyrshaq, gýil, tintýir; oqý, sý, jazý, kelý, barý.

§9. **ю әрпі ıý әріп** тіркесі түрінде жазылады: aıý, baıý, oıý, jaıý, súıý.
Е с к е р т у. ı әрпінен кейін тұрған ю әрпінің орнына ý жазылады: qıý, jıý.

Ю – й+у – **аю** (айу/ aıý ), **баю** (байу/ baıý)

**Қию** (~~қийу~~) – qıý (қиу)

Жию (~~жийу~~) – jıý (қиу)

§10. **я әрпі ıa** әріп тіркесімен жазылады: qoıan, ıaǵnı, saıa.

**Е с к е р т у. и (ı) әрпінен кейін тұрған я әрпінің орнына а жазылады: qıar, sıa, jarıa.**

**Я – й+у** – яғни (йағни/ ıaǵnı), моя (мойа/ moia)

~~Қияр~~ (~~кийар~~) – qıar (қиар)

# Сия (сийа) – sıa (сиа)

**1-тапсырма**

1) ҚР ДСМ «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» ШЖҚ РМК –
2) Санитариялық авиация желісі бойынша –
3) Жедел медициналық көмек
4) Халықаралық стандарттарға сәйкес
5) Мобильді бригада
6) Жедел өтінім
7) 4-жеделділік санатындағы шақыртулар
8) Келісімшарт
9) Қызметтік хат
10) Басқарма Төрағасы
11) Басқарма Төрағасының міндетін атқарушы
12) Басқарма Төрағасының орынбасары

***Артық болмас білгенің***

**Ё – ó** манЁвр / manóvr (манөвр); мантЁр/ mantór (мантөр)

**Ю – ú** парашют/ parashút (парашүт); абсолют / absalút(абсолүт)

**аль/ оль – á/ó** фестив**аль** / *festıvál (фестивәл); алкоголь / alkogól (алкогөл)*

**Щ – shsh** ащы/ ashshy (ашшы); тұщы / tushshy(тұшшы); щётка/ shshótka (шшөтка)

**2-тапсырма. Берілген мәтінді оқыңыз.**

**Abaı joly, 2-tom**

## TAIǴAQTA

1

Tań aldynda bir ǵana saǵat myzǵyǵany bolmasa, Abaı bul túndi uıqysyz ótkizdi. Biraq áli talǵan joq. Áli de kitap betine úńilýde. Ár alýan tilderde týǵan bul kitaptar búgin osy jerge oqys kelip, qyzyq bas qosqan. Abaı jaqsy uǵynatyn – shaǵataı, túrki kitaptarymen qatar, tilin Abaı qınalyp túsinetin arab, parsy jáne olardan kóri de áli aýyryraq tıetin orys tilindegi kitaptar.

Abaıdyń jaıshylyqtaǵy oqýynan búgingi oqýynyń maqsaty da basqa. Kitaptan alatyn bilim nusqanyń búgin tirshiliktiń qolma-qol keregi úshin asyǵys qajet bolǵan bir shaǵy edi. Abaı sońǵy kúnderde, ásirese osy sońǵy túnde, ózine buryn daǵdyly bolmaǵan bir halde. Ol bir eski "ǵalymdar" ma, "raýaılar" ma, solardaı bir kúıde otyr. Osy jaıyna ózi tańyrqaı túsip, qyzyǵyp ta qaraıdy.

**Үйге тапсырма:** Құрамында **ıý (ю) әріп және ıa (я) әріптері** бар 10 сөзді латын графикасында жазу.